

Жангелдин аудандық мәслихаты шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2018 жылғы 15 ақпандағы № 155 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 2 наурызда № 7564 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес Жангелдин аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жангелдин аудандық мәслихатының 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 218 "Бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5519 тіркелген, 2015 жылғы 28 сәуірде " Біздің Торғай" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы
Жангелдин аудандық
мәслихатының хатшысы*

*Г. Ысмағұл
С. Нургазин*

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Жангелді ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Д. Әмірханұлы